



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Төсегімді сәуле тінтіп жүр қарап...



Серікбай ОСПАНОВ

Таңғы Тобыл

Күннің көзі айдынына
Қызыл арай бояу жағып,
Көрген шаттық, қайғыны да
Жатыр Тобыл баяу ағып.

От билетіп толқынында,
Тамылжытты таң құшағы.
Толқын – толқын құшағында,
Жұп-жұп болып жарысады.

Сырлы қала,
Жырлы қала
Төне түсіп жағасына,
Күн сәулесі енді ғана
Кірді ағаштар арасына.

Сол сәуле жан жылытады,
Атты жаздың жаңа таңы.
Отыр қыз бен жігіт әлі
Орындықта жағадағы.

Қайындар бас түйіседі,
Тал-теректер тұр ымдасып.
Толқындар да сүйіседі,
Бір-біріне бүгін ғашық.

Тобыл – тән мен жан қалауы,
Жанарларға тұнған сырдай.
Жасыл жазғы жағалауы
Махаббаттың ұясындай.

Тобыл ағады

Өрнек салып көк белге
Тобыл ағады.
Арнасына көктемде
Толып ағады.

Айдынына Күн бірге
Қонып ағады.
Айналасы күмбірге
Толып ағады.

Сүйіп-құшып, аймалап,
Жолын,
Жағаны.
Төсінде Ай тайғанап
Тобыл ағады.

Жоқ ешкімге, еш жерге
Оның алаңы.
Нәр боп өніп-өскенге,
Тобыл ағады.

Орғып жота-жондардан,
Орып ағады.
Ой мен қырдың ол барған
Шөлі қанады.

Жүрегіңнен-жаныңнан
Орын алады.
Іздеп бізді сағынған
Тобыл ағады.

Бақыты, елдің байлығы
Болып ағады.
Айдынына Ай нұры
Қонып ағады.

Қарағай ақ қайыңды ұнатқаннан,
Асылып мойынына, құлап қалған.
Жағалай алтын тозаң
Қалың ағаш
Ішіне кіріп маңай шуақтанған.

Одақтас бір-бірімен бәрі мұнда,
Бөлісті күннің түскен жарығын да.
Шыршаның үрпиген жас балапаны
Қылтиып келеді өсіп мамығында.

«Тоқ-тоқ-тоқ...»
Біреу ағаш қашағандай,
Мүлгиді –
Мынау ағаш шаршағандай.
Құлаған енді бірі төрттағандап,
Еңбектеп бара жатқан мас адамдай.

Құрт жоқ па деп ағаштың жарығында,
Құмырсқа жүгіріп жүр қабығында.
Оянған тіршіліктің құлағы енді
Шырқаған торғайлардың ән-жырында.

Шығарып сәуле шашқан төрге күнді,
Ағаштар гүлдесіп тербетілді.
Тал, терек бір-біріне қолын созып,
Жүгіріп,
Сипап бәрін жел де күлді.

Толассыз әнші құстар жалғанды әні,
Жұмағың осы шығар жалғандағы?!
...Араның ағаш кескен ащы үнін-ай,
Шаттықты қуып шықты ормандағы...

Құшағын бір-біріне жай ғана ашып,
Тұр еді қайың, терек аймаласып.
Бассалды қызыл тілді жалаңдап өрт,
Құтылмақ енді бұлар қайда қашып?!

Өшігіп сұлулыққа, бар жақсыға,
Не істемек өртке тажал-албастыға?!
Басына қарғып шықты ағаштардың,
Балаққа қызыл жалын жармасты да.

Жайына қалды бір сәт сүю-күю,
Айғай-шу,
Сатыр-сұтыр,
Ию-қию.
Тісіне ілінгенін жалмап жатыр,
Күшіне мінген әбден бүгін дию.

Қарамай анасына, баласына,
Ентелеп енді орманның арасына.
Барлығын қырып-жойған жойқын күшті
Түсірер кім бар екен сабасына?!

Ұйытқып, сайтандық бар билеуінде,
Қоймады шабуын да, түйреуін де.
Қанатын ұшқан құстың қиып өтті,
Ойнақтап құмырсқаның илеуінде.

Тұтанып тұтқиылдан келген өртке,
Тап болды түлкі, қарсақ, көбелек те.
Құтыртып, одан сайын желік беріп,
Көтерді көзсіз жауды жел де көкке.

Маңайдың үрке қашып жылқысы да,
Күл құшты қара жердің қыртысы да.
Опынып орман жылап күңіренді,
Өртеген лағнет айтып шырпысына...

Аспандағы жалғыз көз жерге емініп,
Алтын найза өзенде сеңге кіріп.
Күнгедейдегі қар жалы арса- арса,
Күн кеміріп,
Тастапты жел кеміріп.

Сонау жақтан жалаңаш көл көрініп,
Қардың суы сол көлге енді өріліп.
Танауыңды қытықтап, тиіп-қашып,
Жұпар иіс шауып жүр желге мініп.

Қора кезіп, көз сүзіп «бауырмалы»,
Алысқа ұзай бастады ауыл малы.
Наурыз тойын қарсы алдық бір үй болып,
Адамдардай алғашқы қауымдағы.

Сұлап түсті көктемнен қыс жеңіліп,
Бара жатыр ұлғайып кішкене үміт.
Тіске кіріп қыс бойы мазалаған,
Сүр ет енді мазалар түске кіріп.

Қарайыпты, жан-жаққа қарап едім,
Қыр арқасы мына бел, ана белдің.
Қарагердің бәйгеден келгеніндей,
Қара терге түскені- ай қара жердің!

Қап-қараңғы – қара мақпал қайда да,
Сағат қана сыбырлайды жай ғана.
Ақ жүзінді сыйпап өтті ақырын,
Ай жарығы түсіп барып айнаға.

Жел тұр жылап есігімді тырмалап,
Көкжиекке Ай құлады сырғанап.
Таң да атып қалыпты ғой,
Қызғаншақ
Төсегімді сәуле тінтіп жүр қарап...

Жылы жаққа кететін
Ұқсайды екен жұрт құсқа.
Көктем бе тез өтетін,
Жаз,
күз,
қыс та қып-қысқа!

Қысқа күй де, ән- жыр да,
Түнде ғайып күн жарық.
Үміт –
Үйдің алдында
Келеді ағаш бүр жарып.

Тамағыма тас тығын –
Беріліп ем сәл мұңға,
Тұр сүйісіп жас күнім
Тереземнің алдында.

Өтпек күн,
ай, өтпек жыл,
Болды қазан ұрмаса.
Өмір ме өмір
Төрт мезгіл
Айналып кеп тұрмаса?!

* * *

Аспанды құстар шу қылып,
Арықтан асау су жүріп,
Қара жер қармен қоштасып,
Жылады жасқа булығып.
Сансыз жылға – сан арман.
От ұшып көлден –
Жанардан,
Күн ысып, алтын кірпігі
Қырқаны құшып қадалған.

Қадалып қырға,
Жер шалған
Үміт күтеді ел шамнан.
Ерекше көктем көңілді
Қаһарлы қыстан енші алған.

Ұлдардың күлкі жүзінде –
Қыздардың бәрі ізінде.
Бұтаға ілініп тамшы тұр,
Мөп-мөлдір әлде жүзім бе?!

Күн нұры түскен шағында,
Оранды ол алтын жалынға.

Жарқылдап, жанып гауһардай,
Айналды асыл лағылға...
Жанарың өпкен шағында
Осындай менің жаным да!

Түйіліпті күн қабағы,
Бар-ау айтпақ бір хабары.
Жауды кенет жеделхаттар,
Аппақ-аппақ үнпарағы.

«Қыс келеді» - бұл хабары.
Өзгеріп тау орамалы.
Енді дала қымтанады,
Аппақ көрпе оранады.

Қыс хабары тез келді де,
Көктем,
Жаз,
Күз түске айналды.
Жер бедері өзгерді де,
Ала қанат құсқа айналды.

Жауған күні алғаш қардың,
Қалған тынып, ұйып бәрі,
Бұталардың,
Ағаштардың,
Аппақ мамық иықтары.

Қол бұлғайды балаларға
Мына қиыр,
Ана қиыр,
Бақташы қарт ала қарда
Барады айдап ала сиыр.

Кебуі-ай таңдайымның,
Алматы.
Күн ысып тұр.
Көшеде тал, қайыңның
Белі де құнысып тұр.

Бірғалып жел өпкенде,
Ұқсайды сыр ашқанға.
Нәр тілеп теректер де,
Қол созып тұр аспанға.

Бәрінің тарыққаны
Байқалды.
Кім кінәлі?
Аққан су арықтағы
Бұрылмақ,
Бұлқынады.

Қойды-ау бір бұрыла алмай,
Тастапты тасқа қамап.
Соны ағаш ұғынғандай
Бас иді досқа қарап.

Балалар – су бұрқақта.
Тал, терек таңасулы.
Жапырақ судыр қақса,
Қала – шу,
Тау – ашулы.

Қорқыныш аулақ қалған,
Ел – батыр!
Ғасыр – батыр!
Тек биыл тау жақтардан
Өзен, көл қашып жатыр.

Кең еді көңіл қандай,
Тар еді көңіл неткен?!
Қараймын шөлім қанбай,
Су іздеп төңіректен...